

БӨЛІМ: ЭССЕ

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда педагогтің рөлі»ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/153030/

Маликова Нургул Сайдуллаевна

Эссе**«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда педагогтің рөлі»**

«Бала кемістігінің даму деңгейі төмен болса,
соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі
жоғары болуы керек».

П.Шуман

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты дамуы мен білім алуына жағдай жасау біздің міндетіміз деп білемін. Бұл дегеніміз, мұғалім әр білім алушының физикалық, психикалық, әлеуметтік, сондай-ақ мәдени жағдайына қарамастан, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқушылардың оқу-тәрбие процесін қабілетіне қарай бейімдей алуы қажет. Менің ойымша, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту мұғалімнен шыдамдылықты, шығармашылықты, еңбекқорлықты, кәсіби шеберлікті талап етеді.

Мен, Шымкент қаласы білім басқармасының «Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 20 жылдан астам уақыт жұмыс жасап келемін. Арнайы мектепке алғаш рет жұмысқа келгенімде балаларға тез бауыр басып кететінімді елестете де алмадым. Ерекше балалармен жұмыс жасау қиыншылығы мен қуанышы қатар жүретін іс деп білемін.

Ерекше бала – айналадағы тұтас әлемді ерекше қабылдайтын тұлға деп санаймын. Сондай-ақ, мұндай балалар біздің көмегіміз бен қолдауымызды қажет етеді. Менің ойымша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытатын мұғалімнің басты мақсаты — оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, жаңаша ойлауға, белсенділігін арттыруға, білімге деген құштарлығын оятуға, өмірінде оны қолдана білуге бағытталуы қажет.

Бүгінгі таңда әр күн көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы болғандықтан, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды заманауи арнайы әдіс-тәсілдермен оқытып, жаңаша білім беріп, әр оқушының қабілетіне қарай икемделуіне жағдай жасап, сонымен қатар шығармашылық, логикалық, есте сақтау қабілеттерін дамытуға септігімізді тигізу арқылы біз педагог статусына ие боламыз. Менің көзқарасым бойынша құзыретті мұғалім өз тәжірибесін осындай іс-әрекеттер арқылы жетілдіре түседі.

Қорыта келгенде, білімнің шексіз жаңалықтарын орынды, тиімді іске асыру жолдарын тиянақты орындауға болады. Біз бүгінгі міндеттерді жүзеге асыру арқылы Қазақстанның дамуына өз үлесімізді қосатын боламыз. «Шәкірттің білімді болуы — ұстаз қолында».

XXI ғасыр — білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан — жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Маликова Н.С.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.